

"Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 255 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 шілдеде № 4976 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2017 № 108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 255 "Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4723 санымен тіркелген, 2016 жылы 29 ақпандағы "Шежірелі өлке" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

"1. Жалпы ережелер" тарауында:

2 тармақтың 8) тармақшасында:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақтөбе облыстық

филиалының Шалқар аудандық бөлімшесі (бұдан әрі - зейнетақы төлеу орталығы)" сөздері "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" - коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы - "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" департаменті Шалқар аудандық бөлімшесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі" тарауында:

15 тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын;

16 тармақтағы:

"2) және 4) тармақшалары" сөздері " 2) және 5) тармақшалары" сөздерімен ауыстырылсын:

26 тармақ алынып тасталсын.

"4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау" тарауында:

29 тармақтың екінші абзацындағы:

" 2 тармағында" сөздері "31 тармағында" сөздерімен ауыстырылсын;

"5. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер" тарауында:

36 тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

көрсетілген шешімнің 5-қосымшасында:

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының" сөздері "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" - коммерциялық емес акционерлік қоғамының " Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы

О. Уксакбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Бигеев

_____ *А. Әмірғалиев*